

Xiaomi Mi Electric Kettle электр шәйнегі



Құрылғының схемасы




* Шәйнектің ішкі бөлігі мен қақпағы тағамдық өнімдермен жанаса алатын 304 маркалы тот баспайтын болаттан жасалған.

Құрылғының арналуы


Электр шәйнегі тұрмыстық жағдайда суды қыздыруға арналған.

Пайдалану




1. Шәйнектің қақпағын ашу үшін батырманы басыңыз және MAX белгісінен асырмай шәйнекті қажетті деңгейге дейін сумен толтырыңыз.

2. Қақпағын нық жауып, шәйнекті тұғырына қойыңыз.



3. Қосу батырмасын басыңыз.




4. Су қайнаған кезде қайнау индикаторы өшеді де қыздыру тоқтайды.


Су қақты кетіру




1. Сірке су қосыңыз. 0.5 л тағамдық сірке суын шәйнекке құйып, 1 сағатқа қалдырыңыз.



2. Сірке суын төгіңіз. Сірке суын шәйнектен төгіңіз және ылғалды матаны пайдалана отырып, тұнба қалдықтарын кетіріңіз.



3. Суды қайнатыңыз. Шәйнекке су қайнатып, содан кейін оны төгіп тастаңыз. Шәйнекті 4-5 рет қайталап жуыңыз.



4. Шәйнекті құрғатып сүртіңіз. Шәйнектің сыртқы жағын сүрту үшін құрғақ матаны пайдаланыңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Қақпағын ашып, шәйнекті босатыңыз.
- Тазалау алдында қуат сымын розеткадан үнемі ажыратып жүріңіз.
- Шәйнектің суық екеніне көз жеткізіңіз.
- Шәйнекті құрғақ жұмсақ матамен сүртіңіз.
- Шәйнекті тазалау үшін ешқашан абразивті заттарды пайдаланбаңыз.

Сақтау

- Шәйнекті сөндіріп, қуат кабелін розеткадан ажыратыңыз. Шәйнекті суытыңыз.
- Шәйнекті нұсқаулыққа тәжікес тазалаңыз.
- Сақтау үшін қуат сымын платформаның ішкі бөлігіне орап қою керек.
- Шәйнекті құрғақ салқын бөлмеге қойыңыз.

Назар аударыңыз

- Уақыт өте келе шәйнектің ішіндегі қыздырғыш элементтерінің түсі сәл өзгеруі мүмкін.
- Егер пайдаланылатын суда тұздар және басқа қоспалар мөлшері артылған болса, шәйнектің ішкі бетінде шөгінділер (ақ немесе қызғылт сары түсті) түзілуі мүмкін, бұл ақаулық болып табылмайды. Оларды матамен тазалаңыз және, мүмкіндігінше, бөтелкеге құйылған немесе сүзілген газдалмаған суды пайдаланыңыз.

Техникалық сипаттамалары

- **Модель:** MJDSH01YM.
- **Сыйымдылығы:** 1.5 л.
- **Қыздырғыш элемент материалы:** тот баспайтын болат.
- **Корпусының материалы:** пластикпен жабылған металл қолба.
- **Кернеуі:** 220-240 В, 50 Гц.
- **Қуаты:** 1800 Вт.
- **Қайнаған кезде автоматты түрде сөндіру.**

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Ыстық беттеріне қол тигізбеңіз. Ыстыққа төзімді қолғапты пайдаланыңыз.
2. Шәйнекті, сымын немесе штепсель айырын суға түсірмеңіз.
3. Балалардың жанында шәйнекті пайдалану кезінде абай әрі мұқият болыңыз.
4. Тазалау алдында шәйнекті розеткадан ажыратып, суытып алыңыз.
5. Көзге көрінетін зақымдануларын байқасаңыз, шәйнекті пайдаланбаңыз.
6. Шәйнекті тек үй жағдайында пайдаланыңыз.
7. Қуат кабелінің орналасуын мұқият қадағалаңыз. Оны ыстық беттерден оқшаулаңыз.
8. Алдымен суды шәйнекке құйып алып, содан кейін ғана оны тұғырға қойыңыз.
9. Шәйнек тұрмыстық жағдайда суды қыздыруға арналған. Шәйнекті тек арналуы бойынша ғана пайдаланыңыз.
10. Шәйнекті қосар алдында, қақпағының жабық екеніне көз жеткізіңіз. Қақпағы ашық болған кезде ешқашан суды қыздырмаңыз.
11. Ыстық суы бар шәйнекті жылжытқан кезде ерекше сақ болыңыз.
12. Шәйнек балалар мен дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда.
13. Шәйнекті құрғақ, тегіс бетке орналастырыңыз.
14. Шәйнекте судан басқа қандай да бір сұйықтықтарды қыздырмаңыз. Егер бөлмеге шәйнекті аяздан кіргізеңіз, оның бөлме температурасына дейін жылуына 2 сағат беріңіз. Оны бірден желпіге қоспаңыз.
15. Шәйнекті тек оның түпнұсқа қыздырғыш тұғырымен ғана пайдаланыңыз.
16. Қыздыру кезінде шәйнекке тимеңіз, орнын ауыстырмаңыз.
17. Шәйнекке суды белгіленген көлемнен асырмай құйыңыз, өйткені су қайнаған кезде төгілуі мүмкін.
18. Су қайнап жатқан кезде шәйнектің қақпағын ашпаңыз.
19. Құрылғының қандай да бір ақаулығы анықталғанда немесе ол зақымдалған кезде, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
20. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қояуды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Кепілді қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондайақ материалдар мен құрастырылған ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі. Сервис орталықтарының өзекті тізімі мана адрес бойынша: <http://www.dns-shop.ru/technical-support/>.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Фошань Вайоми Электрикал Текнолоджи Ко., Лтд.
4-қабат, 7 ғимарат және 2 қабат, 1-ғимарат, Синьси Форс көш. солтүстігі №2, Луньцзяо қосалқы ауданының Сяши ауылының комитет кеңсесі, Шуньдэ ауданы, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.
Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Қазақстан.
Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі мен сипаттамалары алдын ала мәлімдеусіз, сапасын жақсартатын өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

TM: Xiaomi.

Тауарды дайындау күні қаптамада көрсетілген.

